Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

АҚ "Каражанбасмунай", Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін;

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Тауарды жеткізу «Инкотермс 2020» ережесі бойынша DDP шарттарында жүзеге асырылады.

1.3. Тауардың саны мен сапасы, бірлігі, техникалық сипаттамалары, жеткізу мерзімі, жеткізу орны және Жүк алушының мекен-жайы Келісім-шартқа №1 және №2 қосымшаларда көрсетіледі.

2. Анықтамалар

2.1. Осы Келісім-шартта төменде көрсетілген анықтамалар мен ұғымдар мына мағынаға ие: 1) Қабылдау-тапсыру актісі – Тапсырыс беруші Тауарды қабылдаған фактісін растайтын құжат, оны ресімдеу және қол қою «Самұрық-Қазына» АҚ-ның электрондық сатып алуды жүзеге асыруға арналған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) Веб-порталда көзделген нысан бойынша жүзеге асырылады; 2) Жүк алушы – Тапсырыс беруші немесе Келісім-шартқа №1 және №2 Қосымшаларда «Жеткізу орны» бағанында көрсетілген оның құрылымдық бөлімшесі,; 3) кемшіліктер – Тауарлардың Келісім-шарт талаптарына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндетті талаптарға сәйкес келмеуі. Олардың қатарына, бірақ олармен шектелмей, мыналар жатады: зақымданулар, ақаулар, жарамсыздық және т.б.; Тауарлардың саны, сапасы және жинақтылығы (толықтығы) бойынша сәйкессіздіктер, сондай-ақ орындалған Ілеспе жұмыстардың (қызметтердің) Келісім-шарт талаптарына сай келмеуі; 4) қабылдау – Тапсырыс берушінің комиссиясы арқылы Тауарды қабылдау; 5) Ілеспе жұмыстар (қызметтер) – Келісім-шарта көзделген Тауарды орнату, құрастыру, іске қосу, пайдалуға енгізу және басқа да жұмыстарды (қызметтерді) орындау жөніндегі міндеттемелер; 6) жеткізу мерзімі – Тараптар Келісім-шартқа қол қойған күннен бастап Тауарды жеткізудің соңғы күніне дейінгі аралықты білдіреді және Келісім-шарттың №1 және №2 қосымшаларына сәйкес анықталады; 7) Тауар – Келісім-шартқа Қосымшалар №1 және №2-де көрсетілген тауарлық-материалдық құндылықтар; 8) Қор – «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ; 9) Холдинг – Қор және меншік немесе сенімгерлік басқару негізінде Қорға тікелей немесе жанама түрде дауыс беру құқығы бар акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызы немесе одан көп пайызы тиесілі заңды тұлғалар. Жанама меншік – меншік немесе сенімгерлік басқару негізінде әрбір кейінгі заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан немесе одан көп пайызына ие болуын білдіреді.

3. Шарт сомасы және төлем шарттары

3.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

3.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

3.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

3.3.1. Егер Келісім-шартқа Қосымша №1-де аванстық төлем (алдын ала төлем) көзделсе, онда мұндай алдын ала төлем Өнім беруші Келісім-шарт талаптарына және төлем шотына сәйкес аванста (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады. Осы ретте, егер аванста (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету осы Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде ұсынылмаса, Келісім-шарт (ұзақ мерзімді келісім-шарт) бойынша төлем Тапсырыс беруші тарапынан қабылдау фактісі бойынша, аванстық төлем (алдын ала төлем) төленбестен, Келісім-шарт талаптарында белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады. Аванста (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну талабы Өнім берушінің Тәртіптің 43-бабының 8-тармағы талаптарына сәйкес келетін жағдайларына қолданылмайды.

3.3.2. Аралық төлем Тауарды жеткізу фактісін растайтын Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап 30 (отыз)

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады, бұл Келісім-шарттың 7-бөліміне сәйкес ресімделеді. Осы ретте, егер Келісім-шартта аванстық төлем (алдын ала төлем) көзделсе, аралық төлем аванстық төлем (алдын ала төлем) сомасын үлестіре ұстап қалуды ескере отырып жүргізіледі. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР: Егер Өнім беруші сатып алынатын Тауардың өндірушісі немесе сатып алынатын Тауарды өндіретін мүгедектер ұйымы болып табылса, онда Тапсырыс беруші Өнім берушіге келісім-шарт сомасының 30%-ы мөлшерінде аванстық төлем жүргізеді (ұзақ мерзімді сатып алулар кезінде – ұзақ мерзімді келісім-шарттың қолданылу мерзімінің келесі 12 (он екі) айына көзделген тауар жеткізу сомасының кемінде 30%-ы мөлшерінде). Бұл төлем түпнұсқа төлем шоты (онда Келісім-шарттың нөмірі мен күні көрсетілуі тиіс) ұсынылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс. Егер Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартса, мұндай аванстық төлем (алдын ала төлем) жүргізілмейді. Аралық төлем Тауар фактілі түрде жеткізілгеннен кейін, аванстық төлем сомасын үлестіре ұстап қалуды ескере отырып, Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей төленеді.

3.4. Жеткізілген Тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген Тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдап алу-тапсыру актілері) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

3.4.1. Келісім-шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардың ел ішіндегі құндылық үлесін есептеу, электрондық құжат түрінде («Самрук-Қазына» АҚ электрондық сатып алуларды жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйесінде – Веб-порталда ұсынылады);

3.4.2. Өнім берушінің электрондық шот-фактурасы/төлем шоты, құжаттың дұрыс рәсімделгенін растайтын жауапты бухгалтердің қолымен. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жауапты бухгалтердің қолынсыз шот-фактура ұсынуға жол беріледі;

3.4.3. Тауарды қабылдау-тапсыру актісі;

3.4.4. Тапсырыс берушінің нысаны бойынша ресімделген өзара есеп айырысуды салыстыру актісі;

3.4.5. Келісім-шартқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыстардың актісі (Ілеспе жұмыстар немесе қызметтер орындалған жағдайда);

3.4.6. Жауапкершілікпен сақтау қызметтері туралы акт (осы Келісім-шарт немесе өзге шарттар бойынша Тапсырыс беруші Өнім берушіге көрсеткен жағдайда);

3.4.7. Вагондарды беру және жинау қызметтері туралы акт (осы Келісім-шарт немесе өзге шарттар бойынша Тапсырыс беруші Өнім берушіге көрсеткен жағдайда). Құжаттарды ұсыну Жүк алушының кеңсесінде тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Жоғарыда көрсетілген әрбір құжатта Келісім-шарттың тіркеу нөмірі мен күні көрсетілуі тиіс. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР: Сатып алынатын тауардың өндірушісі немесе сатып алынатын тауарды өндіретін мүгедектер ұйымымен жасалған Келісім-шарт бойынша есеп айырысу, оның ішінде соңғы есеп айырысу, Келісім-шартта көзделген құжаттарды ұсыну және Тауардың Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей, шот-фактура негізінде жүргізіледі.

3.5. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Акт (актілер) Ұлттық тауарлар каталогынан тауардың жеке кодын (kztin) қарастыруы қажет. Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауы тиіс.

3.6. Төлемге арналған құжаттар пакетін уақытында ұсынбағаны және /немесе дұрыс рәсімделмеген түрде ұсынғанына байланысты төлемнің кешігуіне үшін Тапсырыс беруші жауапкершілік алмайды.

3.7. Келісім-шарт бойынша соңғы есеп айырысу жүргізілмей тұрып, Тараптар Тапсырыс беруші ұсынған нысан бойынша өзара есеп айырысуды салыстыру актісін рәсімдейді. Актті алғаннан кейін Өнім беруші даулар болмаған жағдайда оны қол қойып, Тапсырыс берушіге екі данада ұсынуға міндетті, немесе даулар болған жағдайда Тапсырыс берушіні жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Әйтпесе, Өнім беруші даулар, талаптар қою құқығын жоғалтады және өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне қол қоюға міндетті болады.

3.8. Нақты жеткізілген Тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлемді есепке ала отырып жүргізіледі.

3.9. Тауардың құны соңғы болып есептеледі және өзгертуге келмейді, тек Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда. Бұл құнға оның қаптамасы, таңбалау, тасымалдау, құрастыру, сапасыз немесе кемшілігі бар Тауарларды ауыстыру және жөндеу шығындары, Ілеспе жұмыстар (қызметтер), Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ Өнім берушінің Келісім-шарт бойынша Тауарды жеткізуге байланысты барлық шығындары мен төлемдері кіреді. Сонымен қатар, бұл құн Өнім беруші өз мойнына алған барлық міндеттемелер мен олардың салдарынан туындайтын барлық төлемдерді, оның ішінде Тапсырыс берушіге берілген патенттік, авторлық құқықтар, тіркелген конструкциялар немесе сатып алынған Тауарға және/немесе оның құрамындағы бағдарламалық жасақтамаға қатысты ұқсас құқықтар үшін төленетін сомаларды қамтиды. 3.10. Өнім берушімен есеп айырысу кезінде Өнім беруші Тапсырыс берушінің барлық Келісім-шарттар мен/немесе мәмілелер бойынша төленетін соманы біржақты түрде төмендету (өзара есеп айырысу тәртібімен) құқығына келіседі. Бұл төмендету келесі сомаларға қолданылады: - Тапсырыс беруші Өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамауы және/немесе дұрыс орындамауы үшін тағайындайтын айыппұлдық санкциялар

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

және/немесе зиян шығындар; - Бұрын төленген аванстар (алдын ала төлемдер); - Өнім беруші Тапсырыс берушіге төлеуге міндетті кез келген қарыздар. 3.11. Келісім-шарт бойынша төлем теңгемен жүргізіледі (егер Келісім-шартта басқаша көзделмесе) және Өнім берушінің 20-бөлімде көрсетілген есепшотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады. 3.12. Егер Тапсырыс беруші кез келген шотты толық немесе ішінара дауласа, Тапсырыс беруші дереу Өнім берушіні осы туралы хабардар етуі тиіс. Өнім беруші дау тудырмайтын соманы қайта есептеп жаңа шот ұсынады, ал даулы соманың жаңа шотын жеке ұсынады. Тараптар барлық даулы мәселелерді тез арада шешуге және сомаларды түзетуге барлық күшін жұмсауы тиіс. 3.13. Кез келген шот-фактура бойынша төлем фактісі, төлем жасалмауы немесе төлемге қарсы шығу, кез келген төлемдер немесе дау шешімі бойынша есеп айырысу, сондай-ақ осы әрекеттердің кез келген комбинациясы Тапсырыс берушінің Өнім берушінің шот-фактураларын мойындағанын білдірмейді. Тапсырыс беруші кез келген төлем жасаған жағдайда да, шотта көрсетілген соманың негізділігін кейінірек даулауға құқылы болып қала береді. 3.14. Егер Тапсырыс беруші немесе Өнім берушінің банктік реквизиттері немесе заңдық мекенжайлары өзгерсе, Тараптар бұл туралы бір-бірін алдын ала, осындай өзгерістен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді. Егер жоғарыда көрсетілген хабарлама мерзімдерін бұзу немесе Өнім беруші төлем жасауға арналған реквизиттерді дұрыс көрсетпеу салдарынан төлемдер дұрыс емес реквизиттерге жасалса, Тапсырыс беруші өз төлем міндеттемесін дұрыс орындаған болып есептеледі. Сол ақшалар Тапсырыс берушінің есепшотына қайтарылса, Тапсырыс беруші алынған ақшаны Өнім берушіге қайта аударады, бұл кезде өз тарапынан қосымша шығындарды біржақты түрде ұстап қалуға құқылы. 3.15. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында Тауар жеткізу кезінде немесе жеткізумен тікелей байланысты төленетін салықтар, кеден төлемдері және басқа да бюджетке төлемдер өзгерсе, Тараптар осы Келісім-шартқа сәйкес қосымша келісім-шарт арқылы қажетті өзгерістер енгізуге міндетті.

4. Тауарды қаптау және таңбалау

4.1. Жеткізілетін Тауарды қаптауды бастамас бұрын, Өнім беруші Тауарды атмосфералық жауын-шашын, тікелей күн сәулесі, коррозия, тиеу-түсіру кезіндегі апаттар әсерінен қорғау, тасымалдау және сақтау шарттарын сақтау мақсатында сақтық шараларын қабылдауы тиіс. Бұған мысалы: тазалау, бояу, майлау, қорғаушы пленка жағу, сынғыш бөлшектерді шығару, жабдықтың ішкі бөліктерін діріл мен соққылардан қорғау үшін байлау немесе бекіту жатады.

4.2. Егер Келісім-шарт талаптарына және/немесе Мемлекеттік стандарттардың (ГОСТ) талаптарына сәйкес Тауар белгілі бір тәсілмен қапталуы керек болса, қаптама тасымалдау кезінде кез келген зақымданудан толық қорғауы тиіс, соның ішінде мүмкін болатын қайта тиеулер, температура мен ылғалдылық режимі, басқа жүктермен үйлесімділік ескерілуі қажет. Сонымен қатар, қаптама қолмен немесе кран арқылы тасымалдауға жарамды болуы тиіс. Тауарды қаптау кезінде Өнім беруші кез келген транспорт түрімен тасымалдау кезінде Тауардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қаптамаға қойылатын тиісті талаптарға сәйкес әрекет етуі керек. Қаптаманың әрбір данасына су өткізбейтін конвертте бір дана қаптама парағы салынуы тиіс. Осыған орай, қаптама Тапсырыс берушіге қайтарылмайды, егер Келісім-шарт және оған қосымшаларда басқа жағдай көзделмесе. 4.3. Өнім беруші арнайы шарттарда қарауды, тасымалдауды және/немесе сақтауды талап ететін Тауар бірліктерін, сондай-ақ ауа райының өзгерісіне ұшырайтын Тауарды айқындауы тиіс және осындай заттармен әрекет ету үшін қажетті сақтық шараларын Тапсырыс берушіге хабарлауы тиіс. 4.4. Өнім беруші Тауарды дұрыс емес немесе немқұрайлы қаптау мен қорғаудың нәтижесінде туындаған барлық шығындар мен зиян үшін жауапты болады. 4.5. Қаптама және (немесе) орау материалы тасымалдау кезінде мемлекеттік және халықаралық стандарттарға (немесе техникалық шарттарға) сәйкес келуі тиіс және авто-, теміржол немесе әуе көлігі арқылы тиеу-түсіру, сақтау және тасымалдау кезінде толық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі қажет. 4.6. Әрбір қорап немесе ораудың сыртқы бетінде су өткізбейтін қағаздан жасалған конвертке салынған қаптама парағының көшірмесі бекітіледі. Конверт қорапқа металл табақшамен бекітілуі тиіс. Қаптама парағының екінші көшірмесі Тауар салынған қорапқа салынады. Егер Тауар қаптамасыз немесе жұмсақ қаптамада жіберілсе, конверт тікелей Тауардың жұмыс істемейтін бөліктеріне бекітіледі. 4.7. Егер техникалық құжаттама көзделген болса, яғни Тауардың паспорттары мен пайдалану нұсқаулықтары қажет болған жағдайда, олар Тауар салынған қорапқа немесе орауға салынады. 4.8. Таңбалау Мемлекеттік стандарттарға және Тауар өндіруші зауыты қабылдаған техникалық шарттарға (ТУ) сәйкес жүргізіледі. 4.9. Таңбалау жойылмайтын бояумен орыс тілінде әрбір Тауар салынған қораптың немесе ораудың үш бетінде (жабындысында, алдыңғы және сол жақ бетінде) жасалады. Әрбір Тауар салынған қорап келесі түрде таңбаланады: • Жіберушінің атауы • Жеткізу нүктесі • Абай болыңыз • Жоғары • Аландатпай тастаңыз • Құрғақ жерде сақтаңыз • Келісім-шарт № _____ • Брутто салмағы _____ кг • Нетто салмағы _____ кг • Қорап немесе орау № _____ • Өлшемдері _____ • Көлемі _____ (куб. см) • Ауырлық орталығы. 4.10. Өнім беруші үлкен өлшемді немесе ауыр жүктерді, механикалық көтеру құралдарын пайдалануды қажет ететін қаптамалардың барлығында тік күйін, көтеру нүктелерін, салмағы мен өлшемдерін айқын көрсетуге, қажет болған жағдайда ауырлық орталығын белгілеуге міндетті.

5. Жеткізу мерзімдері мен талаптары

5.1. Өнім беруші Тауарды Келісім-шарттың №1 және №2 Қосымшаларына сәйкес, сондай-ақ Тауар жеткізу кестесіне сәйкес (егер Келісім-шартта көзделген болса) көрсетілген мекенжай бойынша жеткізуге міндетті.

5.2. Тауардың жеткізу күні деп Тапсырыс берушіге Тауарды тиісті құжаттар пакетімен бірге, дұрыс рәсімделген тіркемелік құжаттарымен жеткізу күні есептеледі. Тауардың жеткізу күні Тараптар тарапынан Қабылдау-тапсыру актісінде көрсетіледі. Тауардың жеткізілу орнына келу күні мен Өнім беруші тарапынан құжаттар пакетін ұсыну арасындағы мерзім ____ (_____) күннен аспауы тиіс (тәуелді (еншілес) ұйым өздігінен құжаттарды ұсыну мерзімін белгілейді). Тауар Өнім беруші тарапынан Тапсырыс берушіге сан және сапа бойынша Қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес және Келісім-шартқа қосымшалар №1, №2 негізінде жеткізіледі. Тауарға меншік құқығы және кездейсоқ жойылу немесе зақымдану қаупі Қабылдау-тапсыру актісіне Тапсырыс беруші қол қойған күннен бастап Өнім берушіден Тапсырыс берушіге өтеді. Жеткізуге байланысты шығындар Келісім-шарттың жалпы сомасына кіреді.

5.3. Жеткізілетін Тауардың сапасы Техникалық сипаттамада (Қосымша №2) көрсетілген талаптарға толық сәйкес болуы тиіс. 5.4. Егер Өнім беруші белгілі бір жеткізу кезеңінде Тауарды жеткізбей қалса, ол жеткізілмеген Тауар мөлшерін Келісім-шарт әрекет ететін мерзім

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ішінде келесі кезеңде (кезеңдерде) толықтыруға міндетті. (тәуелді (еншілес) ұйым жеткізілмеген Тауарды толықтыру кезінде Тапсырыс берушімен міндетті түрде келісуді талап етуі мүмкін). 5.5. Егер Өнім беруші Келісім-шарт шартын бұзып, Тауарды Келісім-шартта көзделген мөлшерден аз жеткізсе, төлем нақты жеткізілген және белгіленген тәртіппен қабылданған Тауар көлеміне сәйкес жүргізіледі. Өнім беруші Тауарды көп мөлшерде жеткізген жағдайда, төлем тек Келісім-шартта көзделген Тауар көлеміне сәйкес жүргізіледі. 5.6. Ерекше жағдайларда, транзиттік жөнелту нормаларына байланысты, Тапсырыс берушінің жазбаша келісімімен әрбір жеке Тауар санаты бойынша жеткізу көлемінен -3% (минус үш пайыз) ауытқу рұқсат етіледі (тек өлшенетін және салмаққа байланысты жүк үшін – тонна, метр және т.б.). Осы жағдайда Тапсырыс беруші тек фактически қабылданған Тауар үшін төлем жүргізеді. Өнім беруші Тауардың қаптамасының болуы мен оның ауа райы, коррозия және тасымалдау мен тиеу-түсіру операциялары кезінде зақымданудан қорғауын қамтамасыз етуі тиіс, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, осы Келісім-шарттың Қосымша №4-тегі талаптарды орындауға міндетті. Қаптағы Тауарды жеткізу кезінде тұғырықтың болуын қамтамасыз етуі тиіс. 5.7. Тараптар Тауарды жеткізу шарттары Келісім-шарт бойынша алдын ала жазбаша түрде келіспейінше биржақты тәртіпте өзгертіле алмайтынын мойындайды. 5.8. Тауарларды ішінара және/немесе мерзімінен бұрын жеткізу Тапсырыс берушінің келісімімен жүзеге асырылуы мүмкін. 5.9. Тапсырыс беруші Өнім берушіге хабарлап, жеткізу мерзімі өтіп кеткен Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы. 5.10. Егер Өнім беруші Тауарды жеткізу мерзімін бұзса, Тапсырыс берушінің Келісім-шартты орындауға мүддесі жойылады. Осы жағдайда Өнім беруші белгіленген жеткізу мерзімі өткеннен кейін Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз Тауарды жеткізе алмайды. Өнім беруші барлық ірі немесе ауыр жүктің қаптамаларында тік күйді, көтеру нүктелерін, салмақ пен өлшемдерін айқын көрсетуге, қажет болған жағдайда салмақ орталығын белгілеуге міндетті. 5.11. Негізгі құрылғыдан бөлек жөнелтілетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын материалға мөр немесе белгі тіркеледі, сондай-ақ мөр нөмірі / серия нөмірі / Келісім-шарт нөмірі көрсетіледі. 5.12. Қаптамалар мен жәшіктер су өткізбейтін бояумен таңбалануы тиіс және келесі ақпаратты қамтуы қажет: (1) Тапсырыс беруші және жеткізу нүктесі; Келісім-шарт нөмірі; (2) Жәшік нөмірі (мысалы, х из х жәшік); (3) Нетто/брутто салмағы; (4) Өлшемдер. 5.13. Бір көшірме орам парағы су өткізбейтін конвертке салынып, әрбір орамға енгізілуі тиіс. Орам парағында Келісім-шарт нөмірі, Тауар бірліктерінің атауы, таза салмақ, жалпы салмақ, орын саны, өлшемдері, осы жеткізу Келісім-шарт бойынша толық немесе ішінара жеткізу екенін көрсетуі қажет. Бұған дейін ішінара жеткізілімдер болған жағдайда, қалған партияға арналған орам парағында «СОҢҒЫ ЖЕТКІЗУ» деген белгі болуы тиіс. 5.14. Тапсырыс берушінің алғашқы жазбаша талабы бойынша және Тапсырыс беруші көрсеткен мерзімде, Өнім беруші Тауардың дұрыс оралмауы және/немесе таңбаланбауы, сондай-ақ Тапсырыс берушімен келіспеген шарттар бойынша жөнелтілген Тауардан туындаған барлық материалдық шығындарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті. 5.15. Тапсырыс беруші Тауарды түсіргеннен кейін Өнім берушіге бос қаптамаларды (бос бөшкелер және т.б., соның ішінде көп қолданылмайтын қаптамалар) және орау құралдарын (металл, пластмасса және т.б.) қайтарады, ал Өнім беруші оларды Тапсырыс берушінің аумағынан дереу шығарып, өз күштерімен және өз есебінен утильдеуге міндетті.

6. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

6.1. Өнім беруші:

6.1.1. Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес жеткізуге;

6.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзімде және талаптарда жеткізілетін Тауарға құжаттарды, оның ішінде:

6.1.2.1. Келісім-шарт аясында жеткізілген барлық Тауар көлемі (саны) бойынша ішкі құн үлесін есептеу, электрондық құжат түрінде, соңғы Қабылдау-тапсыру актісімен бірге Веб-порталда ұсынылатын;

6.1.2.2. индустрияны мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстандағы тауар өндірушілер реестрін жүргізу ережелеріне сәйкес құрылған қазақстандық тауар өндірушілер реестрінен үзінді, тауарлардың барлық көлемі (саны) бойынша (сатып алынған тауарды өндіруші немесе сатып алынған тауарға ұқсас тауарды өндіруші өтініш (декларация) негізінде ұсынады) және бас атқарушы тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (ЭЦҚ) қол қойылған және Веб-порталға жүктелген электрондық тауарды қабылдау және тапсыру актісі;

6.1.2.3. Келісім-шартқа қосымшада көрсетілген нысан бойынша орындалған жұмыстар туралы актіні ұсыну (Келісім-шартта Ілеспе жұмыстар(қызметтер) көзделген жағдайда қолданылады).

6.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға; Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

6.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде ұсынуға;

6.1.5. Егер Келісім-шарт аванс (алдын ала төлем) төлеуді көздесе, осы Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ететін кепілдемені Келісім-шарт бойынша авансты толық өтеуге дейінгі мерзімге _____ түрінде беру, Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда. Ұзақмерзімді Келісім-шарт бойынша авансты қайтаруды қамтамасыз ету кепілдігі Келісім-шарттың барлық мерзіміне ұсынылуы тиіс. Егер Өнім беруші Қағидалардың 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес 170 мың еселенген АЕК-тен жоғары сомаға берілген банктік кепілдік түріндегі авансты қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша хабарлама жолдау арқылы сатып алу шартының орындалуынан биржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, телеграмма, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Өнім беруші аталған хабарламаны алған күннен бастап Келісім-шарт биржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.1.6. Тауарды қабылдау және тапсыру кезінде Тауардың сапасы сапасы мен саны, сондай-ақ Тауардың Келісім-шарт талаптарына сәйкестігі тексеріледі; 6.1.7. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талап етілетін (қажет болған жағдайда) барлық рұқсат беру құжаттарын алуға байланысты, оның ішінде экспорттық және импорттық лицензияларды немесе өзге де ресми рұқсаттарды алуға, сондай-ақ Тауарды әкету, оны кез келген ел арқылы тасымалдау және Тауарды әкелу үшін қажетті барлық кедендік рәсімдерді орындауға байланысты барлық шығыстарды өз есебінен көтеру; 6.1.8. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Келісім-шарт бойынша жеткізілетін Тауарға ұқсас және (немесе) біртекті тауарларға Өнім беруші ұсынатын бағалар туралы ақпаратты Тапсырыс берушіге ұсыну мүмкіндігін қарастыру (оның ішінде белгілі бір күнге Өнім беруші қол қойған коммерциялық ұсыныстарды қоса алғанда). 6.1.9. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын, оның ішінде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының және Келісім-шартқа қосымшалардың талаптарын (егер қосымшалар Келісім-шартта көзделген болса, мысалы, Ілеспе жұмыстар (қызметтер) орындалған жағдайда) сақтау, сондай-ақ осы талаптар бойынша толық жауапкершілікті өзіне алу. Қажетті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда, аталған талаптар толық көлемде сақталғанға дейін Өнім берушіге Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындауға тыйым салынуы мүмкін. Бұл ретте, көрсетілген талаптарды бұзу салдарынан туындаған Тауарды уақтылы жеткізбеу үшін Өнім беруші жауапты болады; 6.1.10. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара үшінші тұлғаларға бермеу; 6.1.11. Тапсырыс берушінің талабы бойынша, осы Келісім-шарт шеңберінде жасалған барлық мердігерлік шарттардың көшірмелерін олар тартылған сәтте Тапсырыс берушіге ұсыну. Мердігерлердің болуы Өнім берушіні Келісім-шарт бойынша материалдық немесе өзге де жауапкершіліктен босатпайды. Тапсырыс беруші мердігердің Өнім берушімен жасалған шартты бұзуына байланысты талаптарды мердігерге тікелей қоюға құқылы; 6.1.12. Тапсырыс берушінің жазбаша актісі негізінде, онда көрсетілген Тапсырыс берушінің өкілдерін аудит жүргізуге жіберу, сондай-ақ Өнім берушінің Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерін орындауына қатысты құжаттарды (бухгалтерлік шоттарды, шот-фактураларды, шығыстар бойынша бастапқы құжаттарды) алу және олармен танысу құқығын қамтамасыз ету; 6.1.13. Келісім-шарт бойынша Тауарларды жеткізу, сондай-ақ монтаждау, құрастыру және іске қосу-баптау жұмыстарын орындау үшін біліктілігі, құзыреттілігі және жеткілікті тәжірибесі бар персоналды тарту. Мұндай персоналдың барлығы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық қолданылатын ережелерге, нұсқаулықтарға, нормаларға және өзге де талаптарға сәйкес біліктілікке, тәжірибеге және тиісті даярлыққа ие болуы тиіс; 6.1.14. Соңғы Қабылдау-тапсыру актісіне/Орындаған жұмыстар туралы актіге (Ілеспе жұмыстар (қызметтер) орындалған жағдайда) қол қойылғаннан кейін, Тапсырыс берушінің талабына сәйкес, өзара есеп-қисап актісіне 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қою; 6.1.15. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Өнім беруші тарапынан жасалған бұзушылықтар үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алу, сондай-ақ Өнім беруші жасаған заң бұзушылықтар нәтижесінде экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы әкімшілік жауапкершілікке тарту арқылы Тапсырыс берушіге салынған барлық айыппұлдарды толық өтеу; 6.1.16. Тауардағы ішкі құн үлесі туралы берілген ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету; 6.1.17. Егер Өнім беруші Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінде тұратын, сатып алынатын Тауарды өндіруші болып табылған жағдайда, онда Өнім беруші өз өндірісінің Тауарын жеткізуге міндеттенеді. Осы міндеттеменің орындалуын растау Өнім беруші тарапынан Тараптар сатып алынған тауарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті актіге қол қойған күнге дейін индустрияны мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзіндіні ұсыну арқылы жүзеге асырылады. Егер Өнім беруші көрсетілген мерзімде Қазақстандық тауар өндірушілер реестрінен үзінді ұсынбаса, Өнім беруші өз өндірген тауарын жеткізу бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жалпы сатып алу келісім-шарты сомасының 20%-ы мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл айыппұл Өнім беруші тарапынан, сатып алынған тауарды қабылдау және тапсыруды растайтын тиісті актіні тараптар қол қойғанға дейін төленуі тиіс; 6.1.18. Егер мемлекеттік органдар камеральдық бақылау жүргізу, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және/немесе тексерулер өткізу, сондай-ақ басқа да іс-шаралар аясында Келісім-шарт бойынша операцияларды есепке алмау (төлемеу) немесе өзара есеп айырысуларды растамау фактілерін анықтаса, нәтижесінде Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы бюджетінен ҚҚС артығын қайтарудан бас тартса немесе қосымша салықтар салынса, Өнім беруші тиісті хабарламаны Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қайтарылмаған ҚҚС артығының барлық сомасын, сондай-ақ қосымша салынған барлық салықтарды, соның ішінде қаржылық санкцияларды өтеуге міндетті. Осы тармақта көрсетілген шарт тек Өнім берушімен тікелей қатынастарға ғана емес, сондай-ақ Өнім берушінің өз жеткізушілерімен қатынастарына да қатысты, олар қандай да бір себептермен Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуларды растамауға, ҚҚС-ты қайтармауға және салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеуге әкеп соққан жағдайларға қолданылады; 6.1.19. Егер мемлекеттік органдар камеральдық бақылау және/немесе тексерулер жүргізу рәсімі, сондай-ақ басқа да іс-шаралар шеңберінде, Өнім берушіге қатысты салықтан босату шарттарының қолданылмауы себепті, төлем көзі бойынша салықтан босатудың негізсіз қолданылғанын анықтаса, Өнім беруші Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуге тиісті барлық салықтар мен қаржылық міндеттемелерді өтеуге міндетті. Тапсырыс беруші аталған оқиғалардың болғанын растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады; 6.1.20. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша, көрсетілген мерзімде Келісім-шартты орындауға байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Өнім берушінің шаруашылық қызметі бойынша қаржылық есептілігін ұсыну; 6.1.21. Өз қаражаты есебінен Тапсырыс берушінің өкілдерінің жеткізілетін Тауардың зауыттық сынақтарына қатысуын қамтамасыз ету, егер бұл шарт техникалық сипаттамада көзделген болса, соның ішінде іссапар шығындарын (Тапсырыс берушінің орналасқан жерінен зауыттық сынақ өтіп жатқан жерге бару және қайту, сондай-ақ іссапар кезінде тұру және тамақтану шығындары) төлеу; 6.1.22. Тапсырыс берушінің келісім-шарттық/келісім-шарттан тыс аумағына кіргенде, шыққанда, сондай-ақ көлік құралдары мен арнайы техниканың қозғалысы немесе орналасуы кезінде Өнім беруші Тапсырыс берушіге және/немесе оның өкілдеріне (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар/қорғаныс қызметтері) Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес рәсімделген қозғалыс өту рұқсаттарын көрсетуі тиіс, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың талабы бойынша Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар/қорғаныс қызметтері) Өнім берушінің көлік құралдары мен арнайы техникасын, соның ішінде тиісті құжаттарын толық тексеруге құқылы. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісім-шарттық аумаққа немесе

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

күзетілетін нысанға кіргізбеуге, аумақтан шығарып жіберуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің келісім-шарттық аумағында құқық бұзушылық немесе қылмыс анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы; 6.1.23. Осы Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және кейіннен ай сайын Тапсырыс берушіге Келісім-шартты орындауға қатысқан барлық мердігерлер мен қосалқы мердігерлер туралы ақпаратты ұсыну қажет, олардың атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) және Өнім берушімен байланыстылық белгілері көрсетілуі тиіс. Тапсырыс беруші соңғы бенефициардың оффшорлық аймақтарда тіркелуін тексеруге құқылы; 6.1.24. Келісім-шартта, Тәртіпте және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа міндеттерді орындау. 6.1.25. Тапсырыс берушіге Тауарды толықтай үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос, даулы емес, қамауда немесе кепілдікке жатпайтын түрде тапсыру. 6.1.26. Тапсырыс берушіні хабардар ету: - Тауардың тағайындалған жерге / жеткізу орнына жөнелтілуі туралы; - Тауарды жеткізу күнінен 7 (жеті) жұмыс күні бұрын факсимильді немесе электрондық байланыс арқылы хабарлау, электрондық мекенжайға: S_Tulenova@kbm.kz, Тауарды жеткізу әдісін көрсетуімен, сондай-ақ Тауарға қатысты құжаттардың көшірмелерін ұсыну (сертификаттар, техникалық паспорттар, сапа куәліктері және т.б.). Хабарламада Өнім беруші жөнелту күнін, Тауардың атауы мен санын, жөнелтілген партияның жалпы құнын көрсетеді. Хабарлама уақытында берілмеген жағдайда, Тапсырыс беруші Тауар келген күні қабылдаудан бас тартуға және қабылдау күнін 2 (екі) жұмыс күніне дейін кейінге қалдыруға құқылы. 6.1.27. Тауармен бірге Тапсырыс берушіге мына құжаттарды тапсыру: - тауар-көлік жүккұжатының түпнұсқасы немесе тауарды беру жөніндегі акт; - қорап өлшемін, брутто/нетто салмағын, әр қорап/орамның нөмірі мен мазмұнын көрсететін орам парағы (қажет болған жағдайда Тауар түріне сәйкес); - Келісім-шарттың №4 Қосымшасында көрсетілген басқа құжаттар. Тапсырыс беруші қосымша түрде Тауарға қатысты кез келген басқа құжаттарды жазбаша түрде сұрата алады. Тауарға қатысты құжаттар мемлекеттік және/немесе орыс тілінде ұсынылуы тиіс, ал егер олар шетел тілінде рәсімделген болса, нотариалды куәландырылған аудармасы болуы қажет. 6.1.28. Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарында көрсетілген талаптарды қоса, қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны сақтау жөніндегі талаптарды орындау, сондай-ақ Келісім-шарттың Қосымшасында көрсетілген «Мердігерлік ұйымдарға қауіпсіздік, еңбекті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптар, бұзушылық үшін айыппұлдардың мөлшері» (ашық көздерден техникалық мақсатта суды пайдалануға тыйым салуды қоса) шарттарын сақтау. Өнім беруші қажетті талаптар мен стандарттарды орындамаса, Тапсырыс берушінің нысандарында жұмыс істеуге тыйым салынуы мүмкін, немесе орындалатын жұмыстар көлемі Тапсырыс беруші мүмкін деп санайтын жұмыстармен шектелуі мүмкін. Сол уақытта Өнім беруші Келісім-шарт шарттарына сәйкес міндеттемелерін уақтылы және толық орындау үшін жауапты болады. 6.1.29. Өнім беруші Тапсырыс берушіге қолданылатын салық режимін растайтын құжатты (мемлекеттік кірістер органдары берген хабарлама) ұсынуға міндетті. 6.1.30. Өнім беруші салық режимінің өзгергенін растайтын құжатты (мемлекеттік кірістер органдары берген хабарлама) дереу Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті. 6.1.31. Егер салық режимі және/немесе оның өзгеруі туралы ақпарат берілмесе, уақытында берілмесе немесе дұрыс берілмесе, Өнім беруші қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады және Тапсырыс берушіге көрсетілген әрекеттердің (әрекетсіздіктің) салдарынан келтірілген барлық шығындарды, оның ішінде қосымша есептелген салықтар, өсімпұлдар және айыппұлдарды өтеуге міндетті. 6.1.32. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіге Келісім-шартты орындауға қатысты кез келген ақпарат пен құжаттарды ұсынуға міндетті, соның ішінде Тауарды жеткізуге қатысты әрекеттердің мәртебесіне байланысты ақпарат пен растайтын құжаттарды (мысалы, өндіруші зауытының хаты, жөнелту құжаттарының көшірмелері және т.б.) ұсыну қажет: Тауардың өндірісі, қазіргі орналасқан жері, нақты жеткізу мерзіміне қатысты Өнім берушінің күтуі және т.б. Ақпаратты беру сипаты, көлемі және формасы (жазбаша немесе ауызша) Тапсырыс беруші арқылы анықталады. Өнім беруші Тапсырыс берушінің жазбаша талабы алынған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ҚҚС төлеу және декларациялауды растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, салық есептемесінің нысаны 300.00 (СЕН 300.00) және СЕН 300.00 салық органымен қабылданған немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама.

6.2. Өнім беруші:

6.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

6.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақтылы қабылдауды және Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюды талап етуге;

6.2.3. Шартты, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша бұзуға;

6.3. Тапсырыс беруші:

6.3.1. Өнім беруші жеткізген тауарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

6.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Қабылдап алу-тапсыру актісіне Өнім берушіден Қабылдап алу - тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

6.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

6.3.4. Аванстың (алдын ала төлемнің) қайтарылуын қамтамасыз ететін кепілдікті Өнім берушіге, оның Келісім-шарт бойынша барлық міндеттемелерін толық және дұрыс орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға;

6.4. Тапсырыс беруші:

6.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген Тауарды тиісті мөлшерде және сапада алуға;

6.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы ведомоске сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу және (немесе) шарттан бас тартуға құқылы.

6.4.4. Тауарды қабылдау кезінде туындаған айыппұл, залал немесе шығындарды Өнім берушіден талап ету; 6.4.5. Тауар жеткізуге қатысты Өнім берушінің әрекеттерін кез келген кезеңде немесе Келісім-шартты орындау барысында бақылау; Тапсырыс беруші Келісім-шарт бойынша Өнім берушінің кез келген техникалық немесе басқа ақпараттарына қол жеткізу құқығына ие; 6.4.6. Егер Өнім беруші өз міндеттемелерін дұрыс орындамаса, Келісім-шарт бойынша төлемді тоқтату; 6.4.7. Келісім-шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы мен мәртебесін сұрау, тапсырыс дайындау барысы мен сапасын тексеру, бірақ Өнім берушінің қызметіне араласпау; 6.4.8. Келісім-шарт және тараптар арасындағы басқа мәмілелер бойынша Өнім берушіге төленетін төлемнен айыппұл/санкция, жауапкершілікпен сақтау шығындары (Қызметтерді көрсету актісіне сәйкес) және басқа қызметтер сомасын ұстап қалу, сонымен қатар теміржол көлігі қызметтері бойынша шығындар, оның ішінде магистральдық және станциялық жолдардағы тоқтау ақысы, вагондарды жеткізу және тазалау ақысы, жүк, вагон және контейнердің келуі туралы алдын ала ақпаратты беру ақысы, оператор ақысы, күзет қызметінің кешігу ақысы және басқа да қызметтер; 6.4.9. Жеткізілген Тауардағы кемшіліктерді жоюды немесе оны жаңасымен ауыстыруды талап ету; 6.4.10. Келісім-шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды немесе оның бөлігін қабылдаудан бас тарту, кейіннен Тауар/Келісім-шарт құнын азайту немесе сапасыз Тауарды Өнім берушіге қайтару; 6.4.11. Қажетті болған жағдайда Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау үшін, Келісім-шартта көрсетілген біліктілікке сәйкес келмейтін Өнім беруші/мердігерлер/қосымша мердігерлер немесе олардың өкілдерінің персоналына қолжетімділікті шектеу немесе қолжетімділіктен бас тарту, сәйкессіздіктер толық жойылғанға дейін; 6.4.12. Өнім беруші немесе оның өкілдерінің персоналы мен көлік құралдарының Тапсырыс беруші нысандарына кіруін шектеу, егер Тапсырыс берушінің ішкі ережелері мен/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары сақталмаған болса, анықталған бұзушылықтар немесе сәйкессіздіктер толық жойылғанға дейін; 6.4.13. Келісім-шартты орындауға қатысты Өнім берушіден ақпарат пен құжаттарды, соның ішінде Өнім берушінің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін сұрау; 6.4.14. Қордың қауіпсіз мекенжайына банк үзіндісін ұсыну, онда осы Келісімге сәйкес төлем сомалары, Өнім берушінің атауы, есеп-шот нөмірі және төлем мақсаты көрсетілуі тиіс; 6.4.15. Қордың сұрауы бойынша осы Келісім-шартқа қатысты кез келген ақпаратты ұсыну; 6.4.16. Егер Тапсырыс берушіге Тауарға деген қажеттілікті азайту қажет болса, соның ішінде мұнай бағасының конъюнктурасының төмендеуі жағдайында, Тапсырыс беруші келесі құқықтарды сақтайды: 6.4.16.1. Кез келген уақытта біржақты тәртіпте Келісімшартта орындаудан бас тарту, яғни Келісім шартты бұзуға жоспарланған күннен 10 (он) күн бұрын Өнім берушіге жазбаша хабарлама жолдау арқылы, сонымен бірге Өнім берушіге Келісім шартқа сәйкес нақты жеткізілген немесе жөнелтілген Тауардың құнын төлеу. Бұл жағдайда Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алғаннан кейін Өнім беруші тарапынан жасалған кез келген жеткізу Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай өтемақыға жатпайды; 6.4.16.2. Тауардың көлемін (саны) азайту (қысқарту) туралы қосымша келісім-шарт жасау. Осыған байланысты Тапсырыс беруші тек жеткізілген және белгіленген тәртіппен қабылданған Тауардың құнын төлейді; 6.4.17. Тапсырыс берушінің аумағында (соның ішінде келісім-шарттық/келісім-шарттан тыс аумақтарда) кез келген уақытта және кез келген жерде барлық көлік құралдары мен арнайы техниканы, сондай-ақ оларға қатысты құжаттарды (Қазақстан Республикасында тіркеу куәлігі, жүргізуші куәлігі, маршруттық парақ, тауар-көлік жүккұжаты, тауарлық-материалдық құндылықтарды қабылдау-тапсыру актісі және т.б.) тексеруге және қарап шығуға құқылы. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісім-шарттық аумаққа немесе күзетілетін нысанға кіргізбеуге, аумақтан шығарып жіберуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің аумағында құқық бұзушылық немесе қылмыс анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы; 6.4.18. Өнім беруші тауардың елішілік құндылықтың үлесі туралы жалған ақпарат берген жағдайда, Келісім шартты орындаудан біржақты бас тартуға және туындаған шығындарды өндіріп алуға құқылы; 6.4.19. Тапсырыс беруші Өнім берушіден өндірістік қуаттар, активтер және қаржылық тұрақтылықты растайтын құжаттар мен басқа да ақпаратты сұрауға, сондай-ақ Өнім берушінің нысандарына шығу арқылы тексерулер жүргізуге құқылы. 6.4.20. Әрбір Тарап өзіне заңнама арқылы жүктелген салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді бюджетке аударуға міндетті. 6.4.21. Өнім беруші Тапсырыс берушіні толықтай қорғауға және оған келтірілген шығындарды өтеуге міндетті, соның ішінде мемлекеттік органдар тарапынан туындайтын талаптар, айыппұлдар, әкімшілік немесе сот талаптары, Өнім берушінің әрекеттерінің салық және басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша заңнамалық талаптарға сәйкес келмеуінен туындаған жағдайда, соның ішінде ҚҚС бойынша декларация қосымшаларында ақпаратты дер кезінде көрсету нәтижесінде пайда болған жағдайлар. 6.4.22. Осы Келісім-шартқа қатысушы әрбір Тарап қарсы тарапты салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді уақытында немесе толық төлемеуіне байланысты барлық талаптар мен арыздардан босатады, сондай-ақ жауапкершіліктен қорғайды, оның ішінде тиісті мемлекеттік орган тиісті Тараптан айыппұлдар мен пайыздық төлемдер өндіруі мүмкін жағдайларды да қамтиды. 6.4.23. Өнім беруші тиісті салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді бюджетке уақтылы және дұрыс есептеп, төлеуге, сондай-ақ салық органына салықтық есептілікті дұрыс және уақтылы тапсыруға міндетті. Өнім беруші Тапсырыс берушіге қосымша есептелген төлемдер сомасын, соның ішінде салықтар, айыппұлдар және басқа төлемдерді өтеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылмаған ҚҚС сомасы көлемінде біржолғы айыппұл төлеуге міндетті, аталған сомаларды Тапсырыс берушіге 10 (он) жұмыс күні ішінде төлеу арқылы, Тапсырыс берушіден осындай қосымша есептеу (бұзушылық) туралы хабарлама алғаннан кейін, өтем (төлем) талап етілген жағдайда, егер мемлекеттік органдар камеральдық бақылау процедурасы, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулерді жүргізу, сондай-ақ басқа іс-шаралар шеңберінде, келісім-шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулардың көрсетілмеуі (төленбеуі) немесе расталмауы фактілерін анықтаса, нәтижесінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС асып түскен соманы қайтарудан бас тарту немесе салықтар мен басқа міндетті төлемдер қосымша есептелуі мүмкін. Өнім беруші осы тармақ бойынша жауапкершілікті өз әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) үшін де, сондай-ақ Келісім-шарт бойынша міндеттерді орындауға тартылған қосалқы мердігерлер (қосалқы жеткізушілер), қызметкерлердің, агенттердің және қызметшілердің әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) нәтижесінде Тапсырыс берушімен есеп айырысулар расталмаған, ҚҚС қайтарылмаған немесе қосымша салықтар мен қаржылық санкциялар өндірілген жағдайлар үшін де көтереді.

7. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

